



Автор: Камзаева Рита Гарифуллаевна

Пән: Қазақ тілі (Т1)

Сынып: 5-сынып

Бөлім: Отбасылық дәстүрлер мен мерекелер

Тақырып: Отбасылық мерекелердің тәрбиелік мәні

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	5. Т/А1.Тірек сөздер мен ұсынылған иллюстрациялар арқылы тақырыпты болжау. 5. ӘТН1.Қазақ тілінің дыбыстық жүйесін үндестік заңын, емлелік ерекшеліктерін ескере отырып, орфографиялық нормаға сай жазу.
Сабақтың мақсаты:	1.Тірек сөздер мен ұсынылған иллюстрациялар арқылы тақырыпты болжайды және қазақ тілінің дыбыстық жүйесін үндестік заңын, емлелік ерекшеліктерін ескере отырып, орфографиялық нормаға сай жазу. 2. Қазақ тілінің дыбыстық жүйесін үндестік заңы ерекшеліктерін ескере отырып мәтін құрау; 3. Ұсынылған иллюстрациялар арқылы өз ойынан таныстырылым құрастыру;
Тілдік мақсаттар:	Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер: Отбасы, отбасылық құндылық, мерекелер, салт-дәстүрлер. Диалогтер мен жазу үшін қолданылатын терминдер: - Отбасы дегенді қалай түсінесің? - Отбасылық қандай мерекелерді ұнатасың? - Сенің отбасыңда қандай отбасылық мерекелер қалыптасқан? Жоғары дәрежелі сұрақтар: 1. Сенің отбасыңда бала тәрбиесімен кім көбірек айналысады ? 2. Өз отбасыныңды қаншалықты бағалайсың?
Күтілетін нәтиже:	Сабақ соңында оқушылар көптеген нәтижеге қол жеткізеді.
Бағалау критерийлері:	Білім алушы: 1.сурет бойынша тақырыпты болжайды; 2. тірек сөздер арқылы ойын ашық жеткізеді; 3.үндестік заңы мен орфографиялық нормаларды сақтайды; 4.таныстырылым құрастыра алады;
Құндылықтарды дарыту:	«Мәңгілік ел» Қазақстандық қоғамның құндылықтары және білім беру құндылықтарының зайырлы қоғам және жоғары руханият негізі бойынша өмір бойы білім алу, құрмет, ынтымақтастыққа баулу;
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Мультимедияны таныстырылым үшін қолданамын.
Пәнаралық байланыс:	Өзін -өзі пәнімен байланыс жасай отырып, өз отбасыларын жөнінде пікір алмасу.
Бастапқы білім:	Отбасылық ғұрыптар

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (7 мин)	Оқушыларға түрлі суреттер беріледі, сол суретке қатысты бірнеше тірек сөздер жазу. Тірек сөздер мен суреттерге ортақ тақырып қояды. Тірек сөздер	Қазақ тілі «Атамұра» 5 сынып Жалпы білім беретін мектептердің мұғалімдеріне арналған интербелсенді әдістер, мұғалімге арналған нұсқаулықтар, Блум таксономиясы, «Мәңгілік ел» құндылығы, жалпы білім беретін мектептердің мұғалімдеріне арналған қалыптастырушы бағалаулар.

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (25 мин)	«Менің отбасымдағы мерекелер» тақырыбында үндестік заңын және орфографиялық нормаларды сақтап шағын мәтін жазу. (50 сөз) Сергіту сәті «Кімнің жады мықты?» Бесік жырын жатқа айту. Таныстырылым дайындау. «Мерейлі отбасы» сайысына таныстырылым дайындау.	
Сабақтың соңы (3 мин)	Дескриптор: 1.сурет бойынша тақырыпты болжай алады; 2. тірек сөздер арқылы ойын ашық жеткізе алады; 3.үндестік заңы мен орфографиялық нормаларды сақтайды; 4.таныстырылым құрастыра алады; Сабақ соңында дескриптормен жұмыс жасалады. Әр оқушы бүгінгі сабақта жеке-жеке тапсырма бойынша дескриптор арқылы сөйлейді. (Әр тапсырмадан кейін бергенді жөн көрмеймін, себебі уақыт алады)	
Рефлексия (5 мин)	"Рефлексивті нысана" кері байланыс.	
Денсаулық және қауіпсіздік техникасын сақтау	оқушылардың денсаулығын үнемі назарда ұстаймын, ширату жаттығуын тиімді ұйымдастырамын	
Мен уақытымды тиімді пайдалана алдым ба?	Уақыт жағынан кедіргі болмады. Себебі ҚМЖ құруда алдын-ала есептелінді.	
Сабақ мақсаты жүзеге асырылды ма?	Сабақ мақсатына жеттім. Әртүрлі тапсырмалар беру арқылы мақсат орындалды.	